

АНЫҚТАМА

Мектепте қалған жасыл із “Түлектердің ағаш егу” экокелленджі!

Мектеп бітіруші түлектер үшін бұл көктем ерекше толқынысқа толы. Бүгін 11 «А» және 11 «Ә» сынып оқушылары мектебіміздің ауласына жас көшеттер егіп, игі дәстүрді жалғастырды. Бұл жай ғана ағаш егу емес, бұл — алтын ұя мектебіне деген алғыс пен болашаққа деген нық сенімнің белгісі.

Оқушыларымыз еккен әрбір тал мектеппен бірге бой көтеріп, жайқалып өсе бермек.


Өткізілген экокеллендж мектеп бітірушілердің шығынды кештер ұйымдастырудан гөрі, қоғамға және табиғатқа нақты пайда әкелетін пайдалы істерге бет бұрғанын көрсетті. Бұл акция оқушыларды еңбекқорлыққа, бірлікке және қоршаған ортаның экологиялық тепе-тендігін сақтауға бағытталған маңызды тәрбие құралына айналды.

Егілген ағаштар алдағы уақытта мектеп ауласының сәнін келтіріп, «Түлектер аллеясы» ретінде сақталады.

Ұсыныс: Аталған шараның қорытындысы бойынша белсенділік танытқан сыныптар мен ата-аналарға мектеп әкімшілігі атынан Алғыс хаттар табысталсын және егілген көшеттерді жазғы кезеңде суғару жұмыстары мектептің шаруашылық бөліміне жүктелсін.

❖ «Өзіңнен кейін із қалдыр» деген аталы сөзді ұстанған түлектерімізге сәт сапар тілейміз!

Қолдарың жеңіл, қадамдарың сәтті болсын!



Жауапты

Каепов А.М